

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТИ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ



*Филология ғылымдарының докторы, профессор,
«Халық ағарту ісінің озық қызметкері»,
«Құрмет» орденінің иегері*

ӘМІР РАҚЫШ СӘТҰЛЫНЫҢ

90 жас мерейтойына арналған

**«ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМДІ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ:
ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ПРОБЛЕМАСЫ»**

атты республикалық ғылыми-әдістемелік

онлайн-конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ



Алматы
16-17 қараша, 2020 жыл

Бас редактор
Б.Ө. Жолдасбекова

Жауапты редактор:
А. Тымболова

Құрастырғандар:
Әлімтаева Л., Саткенова Ж.Б., Өмірқұлова Н.А., Өтегенова Б.Ж.

Көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор ӘМІР РАҚЫШ СӘТҰЛЫНЫҢ 90 жылдығына арналған «ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМДІ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ: ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ПРОБЛЕМАСЫ» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Құраст.: Әлімтаева Л., Саткенова Ж.Б., Өмірқұлова Н.А., Өтегенова Б.Ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 347 б

ISBN 978-601-04-5052-3

Ғылыми мақалалар жинағы көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор ӘМІР РАҚЫШ СӘТҰЛЫНЫҢ 90 жылдығына арналған «ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМДІ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ: ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ПРОБЛЕМАСЫ» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары негізінде құрастырылды.

Жинақ филолог мамандарға, магистранттарға, докторанттарға, студенттерге арналады.

Авторлық редакциямен жарыққа шықты

ISBN 978-601-04-5052-3

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020

ҒИБРАТТЫ ҒАЛЫМ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Сағындықұлы Б.

филология ғылымдарының докторы, профессор
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ЗАМАНДАСТАРЫН СЫЙЛАЙ БІЛЕТІН, ӨЗІН СЫЙЛАТА АЛАТЫН ЕРЕКШЕ ТҰЛҒА

1968 жыл еді. Бізге, «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясына, Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтында қызмет істейтін Әйтiм Әбдрахманов дейтiн жiгiт жиi келiп тұратын. Бiр күнi газеттiң сауаттылығына, әдеби тiл нормасына жауап беретiн стилист екенiмдi бiлiп алып, менiмен арнайы кездестi. Сұрақ қойды: «Бүлдiргi» деген сөздiң екi варианты бар: **бүлдiргi** және **бүлдiрге**. Сiздер осы атауды газетте қалай жазып жүрсiздер», – дедi. Мен: «Егер қамшының бүлдiргесi болса, *бүлдiрге* деп жазамыз. Себебi, «Қолымда бiр қамшым бар *бүлдiргелi* Айтайын бiр әнгiме күлдiргелi» деген халық өлеңi бар емес пе? «Бүлдiргiлi» десек, «күлдiргелi» деген сөзге ұйқаспай қалады ғой. Қазақта «Бүлiнген елден *бүлдiргi* алма» деген мәтел айтылады. Мұндай жағдайда *бүлдiргi* деп жазамыз», – деп жауап қайтардым.

Бұл сөзiм тiлшi ғалымға қатты ұнап қалыпты. Ендi бiр келгенде: «Бiздiң терминология бөлiмiнде бiр орын бос тұр. Соған келсеңiз дұрыс болар едi», – дедi. Еңбекақысын сұрадым. Менiң газеттен алатын еңбекақымнан екi есеге жуық аз екен. Бара алмайтынымды айттым. Сонымен уақыт өте бердi. Ғылымды қатты сүйетiнмiн. Iзденгiм келедi. Бiрақ газет жұмысы өте көп болғандықтан қолымды байлай бердi.

1971 жыл келдi. Еш нәрсе өндiре алмадым. Бiр күнi Әйтiмге жолығып, баяғы ұсынысын қабылдағым келдi. Кездестiк. Әтекең: «Ондай мүмкiндiктен айырылып қалдық қой. Ендi жәрдемдесе алмаймын», – дедi өкiнiшiн бiлдiрiп. «Олай болса, өзге бөлiмдерден орын табылып қалмас па екен», – дедiм үмiтiмдi үзбей. «Бiлмедiм. Бiзде Түсiндiрме сөздiк деп аталатын үлкен бөлiм бар. Қызметкерлерi көп. Бiрi келiп, бiрi кетiп жатады. Сұрап көрiңiз, мүмкiн орайы келiп қалар. Бастығы – Ахмади Ысқақов деген профессор».

Ахмади аға аса кiшiпейiл, ақжарқын кiсi екен. Күнде көрiп жүрген кiсiсiндей, өте iлтипатпен қабылданды. Ғылыммен шұғылданғым келетiнiн, газет жұмысы өте ауыр болғандықтан iзденуге мұршат бере бермейтiнiн, ғылым ордасына орналассам, әрi қарай алып кете алатындығымды бiлдiрдiм. Ахмади аға әзiрге бос орынның жоқ екендiгiн сыпайлап жеткiздi. Өзiмнiң қандай мәселемен шұғылданып жүргенiмдi сұрады. «Iзденушiмiн. Ғылыми жетекшiм – профессор Кәкен Аханов. «Қазақ әдеби тiлiн қалыптастырудағы «Социалистік Қазақстан» газетiнiң рөлi» деген тақырып бердi», – дедiм. Осы кезде Ахмади ағаның қасында отырған, маған бейтаныс жас жiгiт сөзге араласты: «Тақырыбыңыз тым жалпылау екен. Нақтыламасаңыз, өзiңiзге ауыр тиедi», – дедi. Бұл пiкiрге Ахмади аға да қосылды. Ол сөзiн аяқтай келе: «Бұл жiгiт Рақыш Әмiров деген тiлшi-ғалым», – дедi. Етi тiрi азамат екендiгi бiр көргеннен-ақ аңғарылып тұрды. Мен Рақыш ағамен осылайша танысқан едiм.

1972 жылы Тiл бiлiмi институтына аспирантураға қабылдандым. КПСС мүшесi болғандықтан партия жиналыстарына қатысып тұратынмын. Бiрер жылдан кейiн Рақыш Әмiров парторг болып сайланды. Сөйлеген сөзiне, сұңғылалығына, жүрiс-тұрысына, жиналысты оп-оңай дөңгелетiп әкететiнiне үнемі қайып қалып отыратынмын. Бiрнеше

қарым-қатынас нәтижесінде ол тілдердің дамуында, олардың жалпы фонетикалық, лексикалық және грамматикалық құрлысына ортақ жайлар пайда болды. Бұлардан «туыстас тілдер» немесе «тілдер одағы» сияқты жақын, ортақтық мәселелері туындайды» [13, 77 б.]

Айтылған пікірлерді ескерсек, Қазақстан Республикасында әр этностар мен мәдениеттердің араласуынан қазақтың тілдік санасы біртекті болмауы мүмкін. Әсіресе өзге ұлт өкілдерімен араласып өмір сүріп жатқан аймақтарда. Бұл қазақтың тілдік санасының әр алуандығын көрсетеді. Сондықтан, қазақ халқының тілдік санасын зерттеу өзекті тақырып болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию/ перевод Г. В. Рамишвили. – Москва: Прогресс, 1984. – 400 стр.
2. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Т. 14/құраст.: М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т. б. – Алматы, 2011. – 752 б.
4. Länderlexikon von A bis Z : von Afghanistan bis Zypern / hrsg. von Hans Baier. – Niedernhausen: Bassermann, 1993. – 606 p.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Т. 11/құраст.: Ж. Манкеева, С. Бизақов, Ә. Жүнісбеков және т. б. – Алматы, 2011. – 752 б.
6. Кішікбаев Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең /С. Торайғыров атындағы ПМУ. – Алматы: Ғылым, 1999. – 199 б.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Т. 2 / құраст.: Ғ. Қалиев, С. Бизақов, О. Нақысбеков және т. б. – Алматы, 2011. – 744 б.
8. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. Батырлар жырының жинағы. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. Т. 10. – Алматы: Қазығұрт, 2009. – 400 б.
9. Қазақ эпостары. Алматы: Көшпенділер, 2006. – 416 б.
10. Ер Төстік. Қазақтың халық ертегісі. – Алматы: Жазушы, 1969. – 45 б.
11. Дмитрюк Н. В., Молдалиева Д. А., Нарожная В. Д., Молданова Ж. И., Мезенцева Е. С., Сандыбаева Н. А., Абрамова Г. И. Қазақша ассоциациялық сөздік. – Алматы-Москва: Медиа-Лотос, 2014. – 330 б.
12. Шаяхметова А. А. Языковое сознание и особенности его проявления представителей русского и казахского этносов (социолингвистический и психолингвистический аспект): Диссертация на соискание ученой степени кандидата фил. наук. – Алматы, 2007. – 123 стр.
13. Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика сөздігі. –Қызылорда, 2008. –145 б.

Дәрменқұлова Р.

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Әміров Ә.

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Сөйлем – ең басты тілдік тұлғалардың бірі. Ол алдымен коммуникативтік қызметі, яғни шындық болмыстың бір бөлшегі жайында хабар беру қызметі жағынан ажыратылады. Осы мақалада жай сөйлем синтаксисі туралы мағлұмат беріліп, оның құрылымдық үлгісі туралы айтылады. Сондай-ақ, жай сөйлемдерді оқытуға қатысты мәселелер де сөз болып, тілдік қолданыстағы көрінісі сипатталады. Жай сөйлем синтаксисін оқытудың бағыт-бағдары, әдістемелік тұрғыда қарастырылуы баяндалады. Оларға түрлі жаттығу жұмыстары беріліп, өзіндік ерекшеліктеріне талдау жасалады.

Түйін сөздер: тіл білімі, жүйе, жай сөйлем, дүниетаным, әдістеме, құрылым, танымдық, ауызекі сөйлеу тілі, сөз тіркесі

Бүгінгі таңда ұлттық білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен оң бетбұрыстар, оқытудың жаңа технологиясының жетілуі Қазақстанның дүниежүзілік білім кеңістігіне енуіне жол ашты. Осы тұста әрбір педагог озық технологияларды сараптай отырып, өзіне тиімдісін таңдап, жаңашыл бағытта жұмыс жүргізуіне мүмкіндік алады. Еліміздің болашағын көркейтіп, экономикамыздың қарқынды дамуына үлес қосатын жастардың білім деңгейінің жоғары болуына әрбір ұстаз өз үлесін қосып, өркениетті елдер қатарына қосылуына саналы түрде

еңбек етуде. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «*Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз*» – деген сөзі ұстаз қауымына үлкен міндет жүктейді.

Бүгінде лингвистикалық тұрғыдан жай сөйлем синтаксисі біраз зерттелініп, белгілі бір жүйеге түскен тіл білімінің қатарынан саналады. Ол арнаулы курс ретінде орта мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытылып, оқыту әдістемесіне де баса назар аударылып келеді.

Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы қолданысқа еніп жатқан тұста білім беру жүйесіне, оқу- тәрбие үдерісіне қойылатын талаптарды да күрделендіре түсті.

Студенттердің жоғары білікті маман ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Бүгінде жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – білім бере отырып, студенттердің ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Білім мәдениеттің когнитивті тұрғыда ұйымдасуының негізгі формасы болғандықтан, оны заман талабына сай жастардың бойына сіңіру болашаққа сеніммен қарауға жетелейді. Қазіргі таңда білім беру саласы мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде еліміздің рухани өсуіне, ғылыми дүниетанымы мен интеллектуалды күш- қуатының қалыптасуына зор үлесін қосуда.

Синтаксистің басты зерттеу объектісінің бірі – сөйлем, тілімізде пікір білдіру үшін, ақпарат беру үшін жұмсалатын коммуникативтік тұлға. Біз сөйлем арқылы ойымызды, көрген, білгенімізді, естігенімізді біреуге хабарлауды мақсат етсек, енді бірде осы жағдайды не біреуден бірдеңені сұрап білу үшін мақсат ете сөйлейміз. Демек, мақсатты ойларымызды еркін анық, айқын жеткізу үшін сөздерден сөйлем құрау арқылы хабарлай аламыз. Тілімізде сөздер қалай болса солай байланысып, тіркеспейді. Әрбір сөз сөйлем құрамына ену үшін өзара мағыналық, синтаксистік байланысқа түсіп, бірнеше сөздерден, кейде жеке сөзден не сөз тіркестердің тіркесуінен жасалады.

Ғалым Р. С. Әмір жай сөйлем синтаксисіне арнайы еңбек арнап, құрылымына талдау жасайды. Өзінің еңбегінде айтқан мына пікірге назар аударайық: «Жеке сөз де, сөз тіркесі тәрізді боп келген конструкциялар да сөйлемге тән грамматикалық форма алып, коммуникативтік тұлға- сөйлемдік сапаға ие болады. Осыдан шығатын қорытынды – сөйлем өзіне тән грамматикалық құрылысы бар, грамматикалық формасы бар категория» [1, 48]. Демек, сөйлем – коммуникативтік тұлға, пікір білдіру үшін жұмсалатын болғандықтан, қызметі жағынан күрделі болып келеді.

Тілші-ғалым К. Аханов сөйлемге ғана тән қасиетті былай түсіндіреді: «Сөйлем коммуникативті қызметімен, яғни шындық болмыстың бір бөлшегі жайында хабар беретін қызметімен сипатталатын синтаксистік единица. Сөйлемнің құрылымдық үлгісі – бастауыш-баяндауыштық үлгі. Бастауыш-баяндауыштық құрылым – синтаксистік басқа конструкцияларға емес, сөйлемге ғана тән құрылым» [2, 219].

Жай сөйлем – бір немесе бірнеше сөз бен сөз тіркестерінен құралып, тиянақты бір ғана ойды білдіретін сөйлем. Жай сөйлемнің негізгі ерекшелігі – құрамындағы сөздер өзара бір-бірімен семантикалық бірлікте болады, екпін тұтастығы, сөздердің орын тәртібі сақталады. Қазақ тілінің синтаксис саласына еңбек сіңірген ғалым Р. С. Әмір өзінің зерттеу еңбегінде жай сөйлем синтаксисіне талдау жасай келе, сөйлемге былайша анықтама береді. «Сөйлем – синтаксис зерттейтін басты тіл тұлғаларының бірі. Ол атқаратын қызметі (функциясы) тұрғысынан да, мазмұны жағынан да, грамматикалық белгілерін ескергенде де синтаксистік форма ретінде алынған сөзден, сөз тіркесінен түгелдей өзгеше категория болып саналады» [1, 48].

Жай сөйлемге қатысты әрқалай пікірлер айтылады. Соның біріне назар аударайық: «Жай сөйлем дегеніміз – хабарлаудың дербес синтаксистік единицасы, оның грамматикалық мағынасы – предикативтілік те, формасы – синтаксистік шақтар мен райларды білдіретін арнайы грамматикалық тәсілдердің жүйесін қамтып иеленген ең кіші құрылымдық үлгі» [3, 544]. Осы айтылғандардан шығатын қорытынды сөйлемді құрауға екі мүшенің (бастауыш пен баяндауыш) грамматикалық қатынасы негіз болады. Өйткені сөйлем пікірді, яғни болмыстағы заттардың өзара қатынасын білдіру үшін жұмсалады.

Тіл білімінде сөйлемдер әр түрлі тұрғыдан қарастырылса, оны оқытудың жайы да назардан тыс қалмайды. Жай сөйлем синтаксисін оқыту барысында оқытушы ең алдымен сөйлемнің басты қасиеттеріне ерекше тоқтала отырып, оларды оқытқанда (хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдер) әрқайсысының қандай жағдайда, қандай мақсатпен жұмсалатынын және олардың ауызекі сөйлеу тілінде немесе жазбаша мәтіндерде қандай мазмұнда қолданылатынын, мағынасын ашып түсіндіру керек. Сөйлемдерді айту кезінде тиісті дауыс ырғағын сақтап, мәнерлеп, нақышына келтіріп, ашық, айқын, дұрыс оқуға оларды оқытудың интонациясы сөйлемнің бүкіл мазмұны мен мағынасына сай келуі жағына айрықша көңіл бөлген жөн. Сөйлемге тән белгілердің бірі – интонация. Сөйлем тілдік басқа құбылыстардан интонациялық белгісі жағынан да ажыратылады[4, 401].

Жай сөйлем синтаксисі бойынша теориялық білім мен оқыту әдістемесін қалыптастыру үшін, мына сияқты жұмыстарды ұсынуға болады. Олар:

- жай сөйлемді оқытудың әдістемелік бағытын айқындау;
- жай сөйлемдерді оқытудың теориялық-әдістемелік негізін қалыптастыру;
- жай сөйлемнің жіктелуін ажырата білу;
- аталмыш тақырыпты өткізудің әдістемесін жетілдіру және т. б.

Білім берудің жаңа мазмұнына қарай жаңа әдістер жүйесі қажет екені белгілі. Бүгінгі таңда студенттерге сапалы білім берудің басты талабы – сабақ түрлері мен әдістерін жетілдіре отырып, танымдық, білімдік деңгейін жоғары сатыға көтеру, оқытуды жаңаша ұйымдастыру, педагогикалық жүйеге инновациялық түрлендірулер енгізу.

Білім беру жүйесіндегі жаңа тың ізденістер оқытудың мазмұнына елеулі өзгерістер енгізді. Бұл оқыту үдерісін ұйымдастырудың әдістері мен формаларына өзгеріс енгізу қажеттілігін тудырып, дидактиканың жаңа жетістіктерін қолдануға, оқытудың технологиясын дамытуға жетелейді. Білім берудің мазмұнын модернизациялау оқытудың ғылымилық дәрежесін көтеріп, студенттердің жан-жақты дамуына барынша жағдай жасады.


А. Б. Айтбаева білім беру технологиясы және оған тән педагогикалық құбылыстарға сипаттама бере келіп, «Оқытудың технологиясы – оқыту іс -әрекетінің әдіс-тәсілдері мен құралдарын ұйымдастыру және қолдану теориясы» деген анықтама береді [5, 10]. Әрбір сабақтың оқыту технологиясын жаңаша ұйымдастыру сабақтың мазмұнын жан- жақты аша түседі. Жай сөйлем синтаксисін оқытудың өзіндік ерекшелігі бар. Төменде берілген сөйлемдердің сөйлеу мақсаты мен интонациясына қарай жіктелуіне назар аударайық.

Орыс дәрісханаларында көбіне жай сөйлемнің сөйлеу мақсатына қарай жіктелуін орыс тілімен салыстыра отырып, оқытады. Медицина жоғары оқу орындарында кәсіби бағдарлы қазақ тілінде жай сөйлемдердің жасалу жолдарын түсіндіре отырып, мысалдарды медицинамен байланыстыруға көңіл аударамыз. Мысалы: *Науқастың жүрегі жиі ауырады*(хабарлы сөйлем). *Ауырғаныңызға қанша уақыт болды? Басыңыз айнала ма?*(сұраулы сөйлем). *Жедел жәрдем машинасын тез шақыр* (бұйрықты сөйлем). *Дәрігерлер күні құтты болсын!* (лепті сөйлем).

Жай сөйлемнің түрлерін жақсы ажырата білу үшін студенттерге деңгейлік тапсырмалар беруге болады.

I – деңгей. Бұл деңгейде барлық студенттердің орындауына мүмкіндігі бар тапсырмалар беріледі.

- а) *Мәтіннен жай сөйлемдерді табыңыз.*



Дене тәрбиесі – дәрісіз ем

Қоғамның басты байлығы – адам. Адамның **басты байлығы** – денсаулық. Ал денсаулықты сақтап, байытатын – қимыл-қозғалыс. Яғни, қимыл-қозғалыс дегеніміз – дене тәрбиесі. Сондықтан спорт өмірге өте қажет.

Дене тәрбиесімен айналысқалы өзімді сергек сезіндім. Ал сергек адамның өмірге, қоршаған ортаға көзқарасы да айырықша. Ол өзін эстетикалық тұрғыдан қалыптастырып, ең бастысы көпшілік, қоғам мүддесін қорғауды негізгі мақсат санайды.

Спорт – салауатты тұрмысымыздың басты кепілі. Өйткені ол үздіксіз еңбектенуді, зор қажыр-қайратты қажет етіп, өмірге құштарлықты арттырады. Яғни, өмірді сүйіп, уақытты қадірлей білуге, тек жақсылыққа ұмтылуға тәрбиелейді.

ә) *Мәтіндегі асты сызылған сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, сұраулы сөйлем жазыңыз.*

2 – деңгей. Мұнда орындалатын тапсырма алғашқыға қарағанда күрделі болып келеді.

а) *Сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз. Жай сөйлемнің қай түріне жататынын анықтаңыз.*

1. Бұрын қандай ем қолдандыңыз?
2. Жұқпалы аурулар қалай жұғады?
3. Бұлшық еттер сүйектерді қозғалтады.
4. Тапсырманы тез орындаңыздар.
5. Қуық зәр шығару жүйесіне жатады.

ә) *Берілген сұрау есімдіктерін пайдаланып 5-6 сұраулы сөйлем жазыңыз. Құрастырған сөйлемдеріңіз медицинамен байланысты болуы қажет.*

Қалай? Қашан? Қайдан? Не? Қанша? Қандай?

3 – деңгей. Мұнда берілген тапсырмалар күрделі болуымен қатар, саны да жоғары болады.

а) Төменде берілген етістіктерді пайдаланып, хабарлы сөйлем құраңыз.

Кездесу, қарсы алу, емдеу, тапсыру, тәрбиелеу, серуендеу.

ә) Сөйлемдерді оқып, қазақ тіліне аударыңыз. Сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырыңыз.

1. Первые попытки переливания крови человеку от животных были сделаны в XVII веке.
2. Миллиарды микроорганизмов живут на коже и слизистых оболочках ротовой полости, кишечника, дыхательных путей. 3. Еще древние врачи знали, что настой из листьев камфорного дерева стимулирует кровообращение и дыхание.

б) Берілген сөздерді орын тәртібі бойынша қойып, сөйлем құрастырыңыз.

1. Атқарады, сүзгіш, бүйрек, биологиялық, қызметін.
2. Қарай, болады, қуық, өзгермелі, толуына, пішіні.
3. Жағына, бел, орналасқан, екі, бүйректер, омыртқаның.
4. Келеді, қан, тамыр, қолқа, бүйрекке, арқылы.

Осы үлгідегі деңгейлік тапсырмаларды жай сөйлемнің төменде берілген түрлеріне де ұйымдастыруға болады.

Сонымен, жай сөйлем синтаксисін оқытудың технологиясын жетілдіру студенттердің білімге құштарлығын арттырып, пәнді меңгеруге деген ынта-ықыласын оятады. Осы арқылы тілдік қатынасқа байланысты іске асатын айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалым, тілдесім өзара тығыз бірлікте ұштастырылып, студенттің сөйлеу әрекетіне деген жауапкершілік сезімдерін дамыта түседі. Қазақ тілі сабақтарында жай сөйлемнің түрлерін ойын арқылы оқыту студенттерді тапқырлыққа, ізденімпаздыққа, ой белсенділігін арттыруға, сыни ойлау қабілетін жетілдіруге көмектеседі.



Қоғам білімді, саналы, қабілетті, ұлттық танымы жоғары, үйлесімді дамыған, белсенді маман даярлауға мүдделі. Сондықтан әлемдік өркениеттің дәстүрлі арнасымен жедел даму жолына түскен біздің елімізде үздіксіз білім беру концепциясын жүзеге асыруда айтарлықтай жұмыстар атқарылуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі: Оқулық. – Алматы: Санат, 1998. – 192 б.
2. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері (Оқу құралы), – Алматы: Санат, 1996. – 240 б.
3. Грамматика современного русского литературного языка. – М., Наука. 1970. – 720 с.
4. Аханов К. Тіл білімінің негіздері: Оқулық. – Алматы. Санат, 2003. – 496 б.
5. Айтбаева А. Б. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Алматы: ТОО «Издательство LEM» 2006. – 100 б.

Есназарова Р.

Қорқыт Ата университеті, Қызылорда

МАЙЛЫҚОЖА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК КӨРКЕМДІК ҚОЛДАНЫСТАРЫ

Андатпа. Майлықожа өлеңдеріндегі сөздердің лексика-семантикалық топтарын анықтай, рухани және мәдени лексика элементтеріне талдау жасап, экономикалық жағдай мен сауда-саттыққа қатысты атауларды зерделеп, оның шығармаларындағы ат әбзелдері мен оның бөлшектері атауларының мольнан кездесуін дәйектеу. Этникалық топқа тән мінез-құлық, этностық таным мен көзқарас, наным-сенім, салт-дәстүр, ұлттық рухпен сусындап, оның айғағы айқын бейнесі ретінде көрініс табады. Осы көріністі айқындау мақсатында Майлықожаның тілдік көркемдік қолданыстарын анықтау көзделді.

Түйін сөздер: Көркемдік қолданыс. Тіл. Салт. Ұлттық болмыс.

Қазіргі кезеңде тіл мен мәдениет мәселесіне қатысты тіл біліміндегі көптеген зерттеу жұмыстары тілдегі ұлттық сипатты, ұлттық танымды, ұлттық рухты тануға, дамытуға негізделген. Тілдің ұлттық рухты арқалап, ұрпақтан – ұрпаққа жеткізіп отыратын күдіретті күш екені, рухының өзін-өзі тануы, әлемді тануы және ойлауы, қазіргі лингвистикада анықталғаны ақиқат. Себебі тіл немесе ұлттық рух негізінде адамзат қауымы қалыптасып, белгілі бір этникалық топ құрайды. Сол этникалық топқа тән мінез-құлық, этностық таным мен көзқарас, наным-сенім, салт-дәстүр, ұлттық рухпен сусындап, оның айғағы айқын бейнесі ретінде көрініс табады. Осы көріністі айқындау мақсатында Майлықожаның тілдік көркемдік қолданыстарын анықтау көзделді. Ғасырлар бойы жер бетінде тіршілік етіп келе жатқан қай халықтың болмасын тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, кәсібін, ұлттық сана мен талғам негізінде қалыптасқан мәдениетін бейнелейтін өзіне тән материалдық дүниесі болатыны белгілі. Этномәдени лексикаға, біріншіден, белгілі бір этнос тіршілік кешетін аймаққа тән табиғат құбылыстардың атаулары, екіншіден, материалдық лексика, үшіншіден, рухани лексика элементтері кіреді. Майлықожа шығармаларындағы сөздерді шартты түрде төмендегідей мағыналық топтарға бөлуге болады: 1. Рухани-мәдени лексика элементтері; 2. Материалдық лексика элементтері; 3. Майлықожа өлеңдеріндегі рухани немесе мәдени лексика элементтері[1, 5 б.].

Рухани-мәдени лексикаға адамдардың жасы мен жыныс ерекшеліктеріне байланысты терминдер, туыстық атаулар, қоғамдық қатынастар терминдері, адамдардың рухани өміріне, адамдардың тәрбиесі мен біліміне байланысты, қоғамдық құндылықтарды атайтын сөздер, мифология мен фольклорға, дәстүр мен салтқа байланысты сөздер жатады. Сол этникалық топқа тән мінез-құлық, этностық таным мен көзқарас, наным-сенім, салт – дәстүр, ұлттық рухпен суарылып, оның айғағы айқын бейнесі ретінде көрініс табады. Басқаша айтқанда, біздің дүниетанымымыз рухани көріністерді дәлірек айтқанда рухани мәдениетті құрайды. Ал «Рухани мәдениет негізінде, – дейді этнолингвист ғалым С. Е. Жанпейісова: «Халқымыздың этнопедагогикалық дағдыларына, өзіндік дүниетанымдары мен құқықтық, қоғамдық нормаларына, өмір тәжірибелеріне қатысты талай құнды ғылыми дерек бар». Ол – жалпы этносты танудың, әсіресе оның интеллектуальды ерекшеліктерін танудың құралы. Демек, рухани мәдениет – халық болмысы мен оның өмір сүріп отырған қоғамының үндестік символы[2, 86.].

Ақын өмір сүрген ғасырдағы қазақ қоғамының экономикалық өмірдегі жаңалықтарының бірі халықты қанаудың одан әрі күшейіп жаңа түрлерінің шығуы болды. Феодалдық рентолардың кейбір түрлері бұрыннан бар болғанымен, өткен ғасырда олардың мазмұны мен

Жұбаева О. СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ – ТІЛДІ БАЙЫТУДЫҢ, ИКЕМДІЛІГІН МОЛАЙТУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ -----	53
Елшібаева Ә.Қ. ҰСТАЗЫМ – ҰЛТ ЗИЯЛЫСЫ -----	58
Әлімтаева Л.Т. ПРОФЕССОР Р. С. ӘМІРДІҢ ЕҢБЕКТЕРІ ҚАЗІРГІ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ-----	62
Арғымбек М. ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ-----	66
Ерлан А.Е. ПРОФЕССОР Р.ӘМІРДІҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КОММУНИКАТИВТІ ГРАММАТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ -----	68
ҚАЗАҚ ТІЛІ КОММУНИКАТИВТІК МӘДЕНИ ЖҮЙЕДЕ: ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ	
Авақова Р.А. ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ: ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЭКСКУРС -----	73
Айтбаева А., Нұрлыбай А. Ә.КЕКІЛБАЕВ РОМАНДАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК-СТИЛЬДІК ІЗДЕНІСТЕР -----	77
Айтбенбетова А.Қ., Молдабаева З.М. СТИЛИСТИКАДАҒЫ СИНТАКСИСТІК БІРЛІКТЕР-----	81
Айтжанова С.С., Татиева С.С. ТІЛ БІЛІМІНДЕ САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ-----	83
Айтқозы А. ҚАЗАҚ ЖАРНАМАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ -----	87
Ахметұлы Ә., Рамазанов Т. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ОҚУ-БІЛІМНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ СОЛ КЕЗДЕГІ ОҚУЛЫҚТАР -----	91
Әбдіразақова А.Қ. АЙМАҚТЫҚ ТҰҢҒЫШ ТӘУЕЛСІЗ «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫ» БАСЫЛЫМЫНА ТӘН ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР -----	99
Әбдіқадырова Т.Р., Қанат К.Б. ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ -----	102
Әбутәліп А. Е. Мамаева Г.Б. М. МАҒАУИННІҢ «ШЫҢҒЫС ХАН» ДЕРЕКТІ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ АТАУЛАР ----	106
Әлкебаева Д.А., Онгарбаева К.С. ҚАЗАҚ ӘНДЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ -----	109
Баимбетова А., Мейірманова Г.С. СІЛТЕУ МӘНДІ ЕСІМДІКТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫНАН ТУЫНДАЙТЫН ТЕРМИН СӨЗДЕР -----	114
Галымова А.Ж. ТІЛДІК САНА – ЛИНГВОМӘДЕНИ ҰҒЫМ -----	118
Дарменқұлова Р., Әміров Ә. ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ -----	122